



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

1986, - Б.55

7. Hornby A.S. "Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English", Oxford University Press, 2 том, Москва издательство «Русский язык», 1982

8. «Dictionary of Synonyms and Antonyms», Москва Центрполиграф, 2005,-Б.277.

ОӘК: [811.11.122]:380.42

АҒЫЛШЫН КІРМЕ СӨЗДЕРІНІҢ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

Досжан Гүлжан Амангелдіқызы

gul2005@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының
аға оқытушысы, PhD докторы, Астана, Қазақстан

1991 жылы КСРО құрамындағы түркітілдес республикалардың тәуелсіздік алуы Түркі әлемінің қайта жандануына түрткі болды. Тәуелсіз түркітілдес мемлекеттердің бір-бірімен және әлем елдерімен саяси-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстары артты.

Қазіргі таңда түркі тілдеріндегі ағылшын кірме сөздерінің санын дөп басып айту қиын. Бұған, біріншіден, түркі тілдерінің лексикологиялық және терминологиялық қорына енген кірме сөздерді тіркеп отыратын электронды негіздегі ортақ ұлттық корпустың жоқтығы себеп болса, екіншіден, тілден тілге сөз кірігу процесі үздіксіз жүретіндіктен, «мына тілде мынша шетел сөзі бар» деп нақты айтуға мүмкіндік бермейді. Үшіншіден, өкінішке орай, әлі күнге дейін түркі халықтарының лексикалық және терминологиялық жүйесі туралы толық мәлімет беретін этнолингвистикалық атлас әзірленген жоқ. Түркі тілдерінің атласын әзірлеу – өте күрделі жұмыс. Бұл ретте, біріншіден, түркі халықтарының саны, мекен ететін ортасы, түркі тілдері мен диалектілері, олардың ішінде қолданыстағы, жоғалуға айналған және өлі тілдер деген стратификациялық жіктелім бойынша этнологиялық, әлеуметтік және социолінгвистикалық кешенді зерттеулер жүргізілу қажет. Екіншіден, түркі халықтарының әрқайсысының лексикалық және терминологиялық сөздіктерінің өзін лексикографиялық тұрғыдан толық жүйелеу қажет.

Ағылшын тілі көптеген тілдерге кірме сөз ретінде еніп қана қоймай, өзі де бірқатар тілдерден кірме лексемалар қабылдау арқылы байып отырғандығын айта кеткен жөн. Осы орайда М. Құл-Мұхаммед: «Ғаламдық этнотілдік ахуалдың қазіргі «өлшемі» сөйлеушілер саны бойынша ағылшын тілінің қытай тілінен кейін кең тарағандығын көрсетеді. Жер шарының 500 миллионға жуық тұрғыны бұл тілді ана тілі ретінде мойындаса, ал 1 миллиардтан астам адам оны екінші макро-делдал тіл ретінде қолданады. 1989 жылы жарық көрген ағылшын тілінің ең белгілі сөздіктерінің бірі – Оксфорд сөздігі 600 мың сөзден тұрады. Соңғы жиырма жыл көлемінде ағылшындар осы сөздікті толықтыруда және оның жаңа нұсқасын әзірлеуде аянбай еңбек етіп келеді. Аяқталуы 2017 жылға жоспарланған жаңа басылым шамамен 1 000 000 сөз бен сөз тіркесін қамтиды деп күтілуде. Осы ретте ағылшын тіліндегі сөздердің 70%-ын кірме сөздер құрайтындығын айта кеткен жөн» – десе, Г.Б. Антрюшина, О.В. Афанасьева мен Н.Н. Морозова бірігіп жазған зерттеу жұмысында: «Әлемдік маңызы зор ағылшын тілінің сөздік қорының 65-75 пайызы кірме сөздер десек, оның төрттен бірі яғни 25 пайызы француз тілінен енген сөздер, тек 30 пайызы ғана өзінің төл сөздері» – деген дерек келтіреді [1, с. 3].

Тіл білімінде әлем бойынша тілдің терминологиялық лексикасының қалыптасуының 2 қайнар көзі бар. Біріншісі – ұлттық тіл, екіншісі – өзге елдің тілі. Алғашқысы – терминжасамның ішкі көзі, ал кейінгісі – сыртқы көзі деп аталады. Кей әдебиеттерде «қазақ терминологиялық қорының 70-80 пайызын кірме терминдер құрайды» деген дерек кездеседі. Өкініштісі сол, кірме терминдер мен қазақ тілі негізінде жасалған терминдердің ара-жігі әлі де анықталмаған. Оны анықтау және терминологияны жетілдіру жолындағы өзге де

жұмыстарды жүргізу үшін терминологиялық лексика компьютерге енгізіліп, әр терминнің шығу тегі, қай тілдер арқылы енгені көрсетілуі керек. Ғалымдар жоспарлап отырған бұл жұмыс компьютерде арнайы бағдарламалық әдіспен көрініс табуы үшін әуелі елімізде кірме сөздер мен терминдердің толық этимологиялық сөздігі жасалуы керек деп есептейміз.

XX ғасырдың аяғына дейін түркі тілдерінің терминологиялық лексикасының басым бөлігін орыс тілінен енген терминдер құраса, XX ғасырдың соңына таман оның орнын ағылшын терминдері басты. Қазіргі түркі халықтары тілдерінің терминологиялық жүйесінің ұлттық сипатынан гөрі интернационалдық бояуы басым бола бастады.

Түркі тілдері терминологиясының лексикалық сипатына үңілсек, олардың көпшілігін белгілі бір ғылым саласы бойынша енген кірме терминдер құрайды. Кірме терминдер дейтін себебіміз, олар түркі тілдеріне өзге тілден кіріп тұр. Мәселен, бизнес саласындағы кірме лексемалардың басым көпшілігін ағылшын тілінен енген кірме терминдер құрайды. Мәселен, *бизнес, брокер, консалтинг, менеджмент, менеджер, маркет, маркетинг, промоушн т.б.* ағылшын кірме сөздері түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ интернационалдық терминдер. Өкінішке орай, түркі тілдерінің салалық ғылыми терминологиялық жүйесі әлі күнге жүйеленбей, бірізділікке түспей келеді. Бұған, біріншіден, посткеңестік түркі тілдерінің әр түрлі әліпбиді қолдануы, соған сәйкес орфографиялық және терминографиялық нормаларының әлі орыс тілінің грамматикалық ережелерімен қабаттаса жүруі себеп болса, екіншіден, осы тілдерге еніп жатқан халықаралық терминдерді ұлттандырамыз деген желеумен әр түрлі нұсқалар бойынша аударылып, соның салдарынан көптеген терминдердің семантикалық және прагматикалық қызметінің бұзылуына әкеліп соқтыратын пуризмнің етек алуы себеп болып отыр.

Түркі халықтары мәдениеттер мен өркениеттер тоғысқан Еуразия құрлығын ең жайлағандықтан, олардың тілдерінде Еуропаның да, Азияның да тілдік элементтерінің болуы заңды. Осы ретте әлі күнге дейін халықаралық терминдерді аудару немесе аудармау төңірегінде пікірталас толастамай отыр. Негізінде, халықаралық терминдерді біресе сол күйінде қалдырып, біресе аударып, біресе калькалап, енді бірде жартылай аударып қолдану сөйлеушілердің шатасуына әкелетіні даусыз. Соңғы жылдары дәл осындай құбылыс қазақ тілінде кең етек алып кетті. Бұған қазақ ұлттық терминологиясын реттеу қағидаттарының әлсіздігі мен қоғамда орын алып отырған әсіре пуристік әрекеттер себеп болып отыр.

Соңғы жылдары түркі зиялылары ұлттық тілдің ареалы тарылып бара жатқанын, оған себеп шетел тілінің экспансиясы, әсіресе ағылшын тілінің ықпалы күшеюде деген ой айтуда. Мәселен, түркиялық социолінгвист А.Ф. Селвидің «World Englishes in the Turkish sociolinguistic context» («Әлемдік ағылшын сөздері түрік әлеуметтік лингвистикалық контекстінде») атты мақаласында түрік тілін ағылшын тілінің экспансиясынан қорғау жөніндегі қоғамдық пікірді анықтау мақсатында жүргізілген зерттеудің қорытындылары берілген.

Түркияда парламенттік деңгейде құрылған осы комиссия 2007 жылы үш ай көлемінде оқытушылар мен тележүргізушілер, журналистер мен жазушылардың ағылшын тілінің түрік тіліне ықпалы жөніндегі пікірлерін зерделеген. Комиссияның қорытынды есебі түрік тілінің мына бағыттар бойынша шеттілдік ықпалға ұшырап отырғанын көрсетті:

- 1) шеттілдік кірме сөздер;
- 2) шеттілдік жұрнақтар;
- 3) шетелше жазылатын сөздер;
- 4) шеттілдік символдар;
- 5) шеттілдік жазулар;
- 6) дүкен атауларының шетелшеленуі;
- 7) шетел сөздерін түрік тіліне сөзбе-сөз аудару [2, p. 185].

2007 жылғы 28 ақпанда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды ұсына отырып: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс

тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп атап көрсеткен болатын [3, 7 б.]. Президент ұсынған осы жобаға сәйкес Қазақстанда қазақ және орыс тілдерімен қатар, ағылшын тілін үйренушілердің қатары көбейіп, білім және ақпарат кеңістігінде ағылшын тілінің рөлі арта түсті.

Дегенмен, елімізде «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын қолдаушылармен қатар, оған қарсы шығушылар да аз болған жоқ. Тіпті, ағылшын тілінің қазақ тіліне қаупі қоғамдық қозғалысқа арқау болған болатын. 2009 жылдың 26 қарашасында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың атына республикалық басылымдардың бас редакторлары, ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлері, сондай-ақ қоғамдық ұйым жетекшілері, барлығы 5 мың адам қолдап, 124 адам қол қойған үндеу жолданды. Онда үндеушілер «Тілдердің үштұғырлығы» саясатының салдарынан орыс және ағылшын тілдері басым әрі жетекші рөлді иеленіп, қазақ тілі біртіндеп жойылуы мүмкін» - деп, бұл жобаның ұлттық мүддеге қайшы келетіндігін айтқан болатын [4, с. 2].

Президент Н.Ә. Назарбаев: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақстандықтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» – деп, ұлт зиялыларын сабырға шақырып, қазақ тілін дамыту бағытында Үкіметке бірқатар тапсырмалар жүктеген болатын.

Қазақ тіліне XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін енген шетел лексемаларының тіліміздің барлық ішкі заңдылықтарымен (фонология, морфология, грамматика, лексика, семантика) қабысып, біте қайнасып қабылданғандығын аңғарамыз. Ал XX ғасырдың алғашқы ширегінен, яғни Қазан төңкерісінен бастап, шетел сөздерін қазақ тіліне ассимиляциялау тәртібі бұзылды. Осы кезеңнен бастап қазірге дейін шетел сөздерін қазақыландырып алу механизмі толық іске аспай келеді. Бұған, біздің ойымызша, мынадай бірқатар лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар әсер етті:

1) Қазақ халқының Кеңестер Одағының құрамына енуі қазақ тілдік ортасының бұзылуына, ал орыс сөздерін жиі қолдану салдарынан тіліміздің фонетикалық және артикуляциялық нормаларының сақталмауына алып келді;

2) КСРО-да түркі халықтарының, оның ішінде қазақ жазуын арабшадан латыншаға (1929-1940) және латын графикасынан орыстың кириллицасына (1940 жылдан бастап) мәжбүрлі көшіру салдарынан қазақ әліпбиі таза орыс әліпбиінің көшірмесіне айналып, қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық, грамматикалық, лексикалық, семантикалық жүйесіне нұқсан келді.

3) Кеңестік кезеңде қазақ ұлттық мәдениеті мен әдебиеті ұрпақаралық сабақтастығынан айырылып қалды. Бұл жағдай шеттілдік терминдер мен сөздерді қазақшалауда ұлттық лексикалық қорды барынша пайдалану мүмкіндігін азайтты;

4) Кеңестік кезеңнен бастап Қазақстан халқы қостілді (қазақ-орыс), тіпті кейбір аймақтарда тек орыстілді білім жүйесінің енгізілуі салдарынан қазақтар қазақша сөйлегеннің өзінде орыс сөздерін қосып сөйлеуге және оларды орысша екпін тәртібімен айтуға дағдыланды. Ал таза орысша білім алған қазақтар өз ана тілдерінде сөйлеуден қалып, қазақ тілін шет тілі секілді қабылдай бастады;

5) «Кеңес халықтары тілдерінің терминологиялық жүйесі орыс тілінің негізінде қалыптассын» деген қағидаға сәйкес шет тілдерінен кірген сөздерді аудармай, орысша нұсқасымен алу дәстүрі қалыптасты;

6) КСРО-да жүргізілген кең көлемді орыстандыру саясатының салдарынан қазақ тілдік дүниетанымының табиғаты зор өзгерістерге ұшырап, ақпарат және мәдениет саласының негізінен орыс тілінде болуы қазақ тілдік дүниетанымындағы шеттілдік сөздерді орыс тілінің нұсқасында қабылдау (оқу, жазу, айту), соған сәйкес орыс дүниетанымы негізінде түсіну процесін күшейтті;

7) Кеңестік кезеңнен бастап білім беру жүйесінде Еуропа тілдерінің оқытыла бастауы, ал Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін шет тілдерін оқыту диапазонының одан әрі кеңеюі

және шет тілдерін орыс тілі арқылы оқыту үрдісінің қанат жаюы салдарынан шетел сөздерін таза шет тілінде дыбыстап айту және жазу сауаттылығының артуы көрініс берді;

8) КСРО тұсындағы басқару, заң шығару, сот, заң, білім беру, экономика, мәдениет, ақпарат т.б. қоғамдық қатынас салаларының барлығында іс қағаздарының, негізінен, орыс тілінде жүргізілуі және бұл тенденцияның тәуелсіз Қазақстан жағдайында да жалғасын табуы;

9) Қазақстанның тәуелсіздік алуы, соның нәтижесінде шетелдермен саяси-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстардың кеңеюі;

10) ХХІ ғасырдан бастап әлемде, оның ішінде Қазақстанда қарқын алған жаһандану және ақпараттандыру процестерінің нәтижесінде қазақ тіліне ағылшын сөздерінің енуін арттырғанымен, сол сөздерді қолданушы қазақ халқының тілдік тұрғыдан біртұтас және бір ұлттық мазмұнда болмауы ағылшын лексемаларының қазақша толық ассимиляциялануына кедергі жасап отыр.

Ағылшын бизнес лексемалары түркі тілдерінің лексикалық және терминологиялық жүйесіне қарқынды түрде еніп, осы тілдердегі бизнес ұғымдардың халықаралық сипатын арттырып отыр. Осы ретте ағылшын бизнес лексемаларының түркі тілдеріне енуінен қорқудың қажеті жоқ, бұл – әлемдік тенденция. Алайда, ағылшын терминдерінің түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ және түрік тілдеріне еш ассимиляцияланбай енуін жағымды құбылыс деп айта алмаймыз.

Қорыта айтқанда, қалыптасқан тілдік күрделі мәселені түркі тілдеріне ортақ терминологиялық және әліпби кеңістігін қалыптастыра отырып, өзара термин алмасу үрдісін жандандыру арқылы шешуге болатындығын айтқымыз келеді.

Қолданылған әдебиет:

1. Кул-Мухаммед М. Сокровищница казахского языка // Казахстанская правда. – 2011, декабрь – 24.
2. Selvi A. F. World Englishes in the Turkish sociolinguistic context // World Englishes. – 2011. - Vol. 30, №2. - P. 182-199.
3. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: Қазақстан халқына арнаған Жолдау // <http://www.akorda.kz>.
4. Шаханов М. Заявление о доктрине «Национального единства» («Казахстанская нация»), берущей свою основу от «американской нации» // <http://www.zonakz.net>.

УДК: 37.02.371

USING ROLE PLAY AS A MOTIVATION OF DEVELOPING COMMUNICATION SKILLS AT THE ENGLISH LANGUAGE LESSONS

Dauletkeldyyeva Assem Aimukhametovna

jonyarven87@mail.ru

1st year master degree student of Faculty of Philology of Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey, Kazakhstan

Scientific supervisor – Badambayeva Gulfiya Aubakirovna

In connection with changes in political, economic and social life of our country, the importance of foreign language knowledge is increasing. Now our country can compete with other countries in many spheres of our life. The people of Kazakhstan should be able to show the achievements of our country on the world arena. For this goal we should know at least one foreign language. The teachers of foreign language should realize that they are responsible for the level of foreign language knowledge our people possess.

The representatives of modern methodology of teaching foreign language adhere to the direct method, the basis of which is teaching language and conversation skills.